

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВО
ECONOMICS AND LAW

МРНТИ 06.39.41

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУДЫҢ
КІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ

ТАНЕТОВА Л.М.¹ [0009-0004-8405-888X],*, **КУРМАНАЛИНА А.А.**¹[0000-0002-0012-2775]

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
madarova93@gmail.com*

Аңдатпа: Қазіргі заманғы басқару негізінен көп жағдайда жоғары бәсекеге қабілетті заманауи нарықта ұйымның тиімділігін арттыруға бағытталған. Бәсекелестік артықшылықтарын анықтау және дамыту үшін қазіргі заманғы ұйымдар өз қызметінің түпкілікті тиімділігін арттыра алатын шаралар кешенін жүзеге асырады. Осы құралдардың бірі қазіргі кезеңде басқарудың ең маңызды элементі ретінде ұйымның құрылымына біріктірілген басқару жүйелерін енгізу деп танылуы керек. Практикалық тұрғыдан алғанда, интеграцияланған басқару жүйесі бұл барлық ресми талаптар мен критерийлерге жауап беретін және ұйымның түпкілікті нәтижесіне ортақ назар аудара отырып, олардың біртұтас тұтастай жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін бірнеше басқару жүйелерінің жиынтығы. Көптеген отандық кәсіпорындар біріктірілген басқару жүйесі түсінігін біріншіден, кез келген басқару жүйесін біртұтас тұтастыққа біріктірудің күрделі процесімен, екіншіден, әлемдік бәсекелестік ортада кәсіпорынның өмір сүруінің оңтайлы режимімен байланыстырады. Дегенмен, жалпы қабылданған түсінікте интеграцияланған жүйе менеджмент корпорацияның басқару жүйесіне стратегиялық позициядан кіреді және мәні бойынша бірқатар стандарттар (екі немесе одан да көп) талаптарының жиынтығын білдіреді және корпорацияны стратегиялық басқару процесін жүзеге асыру бөлігінде біртұтас механизм ретінде қызмет етеді.

Бұл мақалада сапа менеджменті мен стратегиялық басқарудың кіріктірілген жүйелерінің, компанияның корпоративті басқару кезеңдеріндегі қалыптасу ерекшеліктері мен компанияның дамуындағы маңызды рөл атқаратын, тұрақтылық мен дамудың қозғаушы күші болып табылатын көрсеткіштеріне әсері қарастырылады. Кіріктірілген жүйенің, компанияның экономикалық тұрғыдан қалыптасуындағы негізгі мәні анықталады. Кіріктірілген жүйені қалыптастырудағы тәсілдер қарастырылады.

Түйін сөздер: сапа менеджменті, менеджменттің кіріктірілген жүйелері, стратегиялық басқару, тиімділік, экономика, кәсіпорын.

Кіріспе. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жаһандық деңгейдегі сапалы өнім мен қызмет көрсетуге қабілетті елдер ғана әлемдік экономикада, әлеуметтік және мәдени дамуда көшбасшы мәртебесін иеленеді. Бұл, өндірушілер үшін бәсекелестік артықшылықтарды, ал тұтынушылар үшін қолайлы өмір сүру жағдайларын жасайды.

Қазақстанның, әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы, мемлекеттің алдағы онжылдықтағы және ұзақ мерзімді кезеңдегі даму бағытын айқындайтын бағдарламалық құжат ретінде қабылдануда.

Тек қана шикізат секторымен шектелмейтін, заманауи, бәсекеге қабілетті және ашық нарықты экономика ғана гүлденген және серпінді дамып келе жатқан қоғамның іргетасы бола алады.

Материал және зерттеу әдістемесі. Мақаланы жазу барысында интеграцияланған менеджмент жүйелері бойынша көптеген ғылыми жұмыстар мен әдістемелік құралдар қарастырылған. Соның ішінде Джон Э. Гэмбл, Маргарет А. Питереф, Артур А.Томпсон авторлардың «Стратегиялық менеджмент негіздері» кітабында ұйымның стратегиялық басқаруындағы негізгі қадамдар айқындалған, одан бөлек басқа да менеджмент жүйелерімен байланысы көрсетілген.

Зерттеудің негізгі әдістері өндіріс секторында тұрақты және тиімді экономикалық ортаны қалыптастыруға әсер ететін кәсіпорындардың қызметіне негізделеді, кейбір кәсіпорындардың қызметіндегі ерекшеліктерін көрсетеді. Отандық ғалымдардың зерттеулері мен теориялық және қолданбалы зерттеулерінің нәтижелері кәсіпорындардың экономикалық бағытындағы жүргізілетін зерттеулердің тұжырымдамалық негізін құрады. Жұмыста себепті-салыстырмалы әдіс қолданылды.

Нәтиже және талқылау. Еліміздің бірқатар өнеркәсіптік орындарында білікті жұмысшылар мен инженерлік кадрлардың, жалпы адами ресурстардың тапшылығы мәселесі және жаңа технологиялық тәртіптің өзегі болып табылатын салалардағы әлсіз инвестициялық белсенділік сақталуда. Сапа менеджменті мен стратегиялық басқарудың кіріктірілген жүйесі, отандық кәсіпорындардың жоғарыда аталған мәселелерін шешуге, олардың ұзақ мерзімді мақсаттарына, ең алдымен, ресурстарды тиімді пайдалану арқылы қол жеткізуге бағытталған және кіріктірілген жүйенің негізгі экономикалық мәнін айқындайды.

Кіріктірілген менеджмент жүйелерінің нәтижесі – өндірістік жүйенің мақсаттарына жетуі және болжамды өзгерістерге сезімталдықты қамтамасыз ететін бейімделгіш ішкі құрылымы бар ортаны қалыптастыру. Технологиялық прогрестің аясында қоршаған ортаның өзгеру қарқыны, ресурстар үшін бәсекелестік, жаңа қауіптер мен мүмкіндіктердің жаңа шеңберінде пайда болуы, экономикалық дамудың қазіргі кезеңіне тән өзгерістер кіріктірілген менеджмент жүйелерінің рөлінің айтарлықтай күшеюінің және нарық жағдайында кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуінің негізгі кілті болып табылады.

Кез келген елдің қазіргі экономикасында негізгі және өткір мәселелердің бірі менеджмент болып табылады. Ол кәсіпорындар қызметінің барлық тұстарын қамтуы тиіс – өнім сапасын басқару, қоршаған ортаны басқару, жұмысшылардың қауіпсіздігі және тағы

басқа. Өнім сапасын тиімді басқару үшін, отандық кәсіпорындардың көпшілігі, үздіксіз жетілдірудің нақты құралы болып табылатын сапа менеджменті жүйесін енгізеді.

Экономикалық дамудың қазіргі жағдайында кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін әлемдік тәжірибені біріктіретін заманауи тұжырымдамаларға, әдістер мен тәсілдерге бағдарланған болуы қажет. Осы мәселелерді шешуде, индустриялық дамыған елдердің барлығы дерлік, сапа менеджменті жүйелеріне, қоршаған ортаны басқару жүйелеріне, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйелеріне, стратегиялық басқаруға негізделген, кіріктірілген менеджмент жүйелерінің дамуымен сипатталатын жаңа дәуірге аяқ басты.

Сапа менеджменті мен стратегиялық басқарудың кіріктірілген жүйесі, қазіргі компаниялардың даму үрдісінің маңызды бөлшегінің бірі. Компанияның стратегиясы, тұтынушыларға артық құндылық жеткізу әдістерін айқындау арқылы, оның нарықтағы маңызын көрсетеді [1, 24 б.].

Қазіргі кезеңдегі ұйымды басқарудың ең маңызды элементі ретінде, ұйымның құрылымына кіріктірілген басқару жүйелерін енгізуді, осы құралдардың бірі ретінде мойындауымыз керек. Практикалық тұрғыдан алғанда, кіріктірілген басқару жүйесі барлық ресми талаптар мен критерийлерге жауап беретін және ұйым жұмысының түпкілікті нәтижесіне ортақ бағдарда біртұтас субъект ретінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бірнеше басқару жүйелерінің жиынтығы [2, 12 б.].

Жалпы алғанда, кіріктірілген менеджмент жүйесі, кәсіпорынның өз міндеттерін жүзеге асыруды және өзінің мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін, жаңа деңгейде ұйымдық басқаруды орнатуға мүмкіндік беретін элементтер мен принциптерді қамтиды. Кез келген ұйымда кіріктірілген басқару жүйесі бірқатар принциптер негізінде қалыптасады, олар мыналарды қамтиды:

- ұйымдық басқаруға жүйелі көзқарас;
- қалыптастыру және жетілдіру процесінің механизмі;
- үздіксіз даму мен жетілдіру қажеттілігі;
- басқарудың тиімді ұйымдық құрылымын қалыптастыру;
- қызметкерлерге корпоративтік басқару саласындағы өкілеттік пен жауапкершілікті беру [3, 46 б.]

Кіріктірілген басқару жүйесі, әртүрлі басқару элементтерінің оңтайлы кешенін қалыптастыруды ғана емес, сонымен қатар стандарттарға да (соның ішінде халықаралық стандарттарға) сәйкестігін білдіреді.

Ұйымның кіріктірілген менеджмент жүйесінің стандарттарына, атап айтқанда, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз

ету, тиімді ұйымдық құрылымды қалыптастыру, ұйымдағы тәуекелдерді басқарудың әдістері мен бірқатар қосымша құжаттар кіреді.

Батыс тәжірибесіне сәйкес кіріктірілген басқару жүйесінің барлық элементтері, әдетте белгілі бір құжаттармен – сертификаттармен расталады. Қазақстандық ұйымдар да өздерінің кіріктірілген басқару жүйесінің элементтерін сертификаттауға ұмтылады, себебі:

- сертификаттау бәсекеге қабілеттік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді (соның ішінде шетелдік компанияларға қарсы);
- көп бағытты стандарттарды енгізумен салыстырғанда, сертификаттау үнемді процедура болып табылады.

Компаниядағы кіріктірілген басқару жүйесін әзірлеу және енгізу бірқатар мәселелерді шешуді көздейді:

- ұйымдағы өкілеттілік пен жауапкершілік жүйесінің жетілмегендігі;
- ұйымдық құрылымның күрделілігі немесе оның ұйымның даму стратегиясына сәйкес келмеуі;
- кәсіпорында стратегиялық басқару тиімділігінің төмендеуі;
- қызметтің жекеленген салаларында стандарттарды енгізудің күрделілігі.

Кез келген компаниядағы кіріктірілген басқару жүйесі келесідей артықшылықтарды қалыптастыруды көздейтінін атап өткен жөн:

- ұйымның стратегиялық дамуын қалыптастырудың перспективалық бағыттарын анықтау;
- басқарушылық шешімдерді қабылдау жылдамдығының өсуі;
- басқару жүйесінде өкілеттіктер мен жауапкершіліктердің тиімді жүйесін қалыптастыру;
- ұйымның барлық бөлімдері арасындағы өзара іс-қимылдың ашық жүйесін қалыптастыру [4, 31б.]

Көптеген отандық кәсіпорындар кіріктірілген басқару жүйесі түсінігін, біріншіден, кез келген басқару жүйесі арқылы біртұтас тұтастыққа біріктірудің күрделі процесімен, екіншіден, әлемдік бәсеке жағдайында кәсіпорынның өмір сүруінің оңтайлы режимімен байланыстырады. Алайда, жалпы қабылданған түсінік бойынша кіріктірілген менеджмент жүйесі ұйымдық басқару жүйесіне стратегиялық позициядан кіреді және іс-жүзінде ол бірқатар стандарттар талаптарының жиынтығы (екі немесе одан да көп) және ұйымдық басқару процесін жүзеге асыру тұрғысынан, біртұтас қызмет ететін механизм. Сонымен қатар, ұйымға, менеджмент жүйелеріне қатысты қолданыстағы халықаралық стандарттарды енгізу барысында, кіріктірілген басқару жүйесі тұтастай алғанда ұйымдық басқару жүйесінің жалпы тұжырымдамасынан әлдеқайда ерекшеленеді, себебі, кіріктірілген менеджмент

жүйелеріне менеджменттің негізгі бағыттары, инновация менеджменті, ұйым жұмысшыларының менеджменті, қаржылық менеджмент және басқалары кірмейді.

Біздің елімізде нарықтық экономиканы қалыптастыру жағдайында пайдалы қазбаларды өндіру, өнеркәсіп өнімдерін өндіру және шикізатты қайта өңдеу, оның ішінде тиісті қызметтерді көрсету бойынша экономикалық қызмет саласы ең үлкен теріс өзгерістерге ұшырады. 1990-1993 жылдардағы экономикалық дүмпу реформаларының, одан кейінгі дағдарыстың және 2008-2009 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысының нәтижесінде көптеген экономикалық байланыстардың, логистиканың жойылуы мен бұзылуы, өнеркәсіптің сапасы мен көлеміне әсер етпей қоймады.

Тұжырым. Қорытындылай келе, кіріктірілген жүйенің экономикалық мәні қандай? Біріншіден, компаниядағы ішкі процестерді ұйымдастыруға және жүйелеуге көмектесіп, компанияның тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін құжаттайды. Екіншіден, өнімдердің, жұмыстардың немесе қызметтердің мінсіз сапасы, қызметкерлер мен бөлімдер арасында, сондай-ақ тұтынушылармен және серіктестермен жұмыстың барлық кезеңдерінде тиімді өзара әрекеттесу – мұның бәрі компанияға алға жылжу үшін қуатты әлеует береді, имиджді жақсартады, кедергілерді жояды және жаңа нарықтарды игеруге, қызметті әртараптандыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде экономикалық тұрғыдан тұрақты пайданың артуына себепші болады. Пайданың артуы, рентабельділіктің жоғарылауы, өндірістік және ұйымдастырушылық шығындардың төмендеуі және бизнестің нарықтық құнының жоғарылауы түрінде нақты қаржылық табыс әкеледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Джон Э. Гэмбл, Маргарет А. Питереф, Артур А. Томпсон. Стратегиялық менеджмент негіздері, Рухани жаңғыру 100 жаңа оқулық, Алматы «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры 2019, 536 б.
2. Тулекбаева А.К. Кіріктірілген сапа менеджменті жүйелері, Алматы, Экономика баспасы 2018. 85 б.
3. Аверин А.В. Интегрированные системы контроля и управления качеством, Москва КноРус, 2021, стр. 358.
4. Бережнов Г.В. Стратегическая модель предприятия в будущем, Москва, Дашков и К, 2023, стр. 310.

References

1. John E. Gamble, Margaret A. Petereff, Arthur A. Thompson. Fundamentals of strategic management, Spiritual rebirth 100 new textbook, Astana 2019, p. 536.

2. Tulekbaeva A.K. Integrated Quality Management Systems, Almaty, 2018. 85 p.
3. Averin A.V. Integrated systems for quality control and management, Moscow 2021, p. 358.
4. Berezhnov G.V. Strategic model of the enterprise in the future, Moscow 2023, p. 310.

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ ИНТЕГРИРОВАННОЙ СИСТЕМЫ МЕНЕДЖМЕНТА КАЧЕСТВА И СТРАТЕГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ

ТАНЕТОВА Л.М.^{1,*}, КУРМАНАЛИНА А.А.¹

¹ Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова, Ақтобе, Қазақстан,
madarova93@gmail.com*

Аннотация: Современный менеджмент направлен главным образом на повышение эффективности деятельности организации на высококонкурентном современном рынке. Для определения и развития конкурентных преимуществ современные организации реализуют комплекс мер, способных повысить конечную эффективность их деятельности. Одним из таких инструментов следует признать важнейший элемент управления в текущий период, а именно внедрение интегрированных систем управления в структуру организации. С практической точки зрения интегрированная система менеджмента представляет собой совокупность нескольких систем менеджмента, отвечающих всем официальным требованиям и критериям и позволяющих им работать как единое целое, с общей нацеленностью на конечный результат деятельности организации. Многие отечественные предприятия связывают понятие интегрированной системы управления, во-первых, со сложным процессом интеграции любой системы управления в единое целое, во-вторых, с оптимальным режимом существования предприятия в глобальной конкурентной среде. Однако в общепринятом понимании интегрированная система управления входит в систему управления корпорацией со стратегических позиций и по сути представляет собой совокупность требований ряда стандартов (двух и более) и служит единым механизмом реализации Процесс стратегического управления корпорацией.

В данной статье рассматривается влияние интегрированных систем менеджмента качества и стратегического менеджмента на особенности формирования компании на этапах корпоративного управления и показатели, которые играют важную роль в развитии компании и являются движущей силой стабильности и развития. Определено основное значение интегрированной системы в формировании компании с экономической точки зрения. Рассмотрены подходы к формированию интегрированной системы.

Ключевые слова: менеджмент качества, интегрированные системы менеджмента, стратегическое управление, эффективность, экономика, предприятие.

THE ECONOMIC ESSENCE OF THE INTEGRATED QUALITY MANAGEMENT SYSTEM AND STRATEGIC MANAGEMENT

TANETOVA L.^{1,*}, KURMANALINA A.¹

¹Aktobe Regional Nniversity named K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan,
madarova93@gmail.com*

Abstract: Modern management is aimed mainly at increasing the efficiency of an organization in a highly competitive modern market. To determine and develop competitive advantages, modern organizations implement a set of measures that can increase the final efficiency of their activities. One of these tools should be recognized as the most important element of management in the current period, namely the introduction of integrated management systems into the structure of the organization. From a practical point of view, an integrated management system is a combination of several management systems that meet all official requirements and criteria and allow them to work as a single whole, with a common focus on the final result of the organization's activities. Many domestic enterprises associate the concept of an integrated management system, firstly, with the complex process of integrating any management system into a single whole, and secondly, with the optimal mode of existence of an enterprise in a global competitive environment. However, in the generally accepted understanding, an integrated management system is included in the corporate management system from a strategic position and essentially represents a set of requirements of a number of standards (two or more) and serves as a single mechanism for implementing the process of strategic management of a corporation.

This article examines the influence of integrated quality management systems and strategic management on the features of company formation at the stages of corporate governance and indicators that play an important role in the development of the company and are the driving force of stability and development. The main importance of the integrated system in the formation of a company from an economic point of view is determined. Approaches to the formation of an integrated system are considered.

Key words: quality management, integrated management systems, strategic management, efficiency, economics, enterprise.